

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне ведомстволық бағынысты жекелеген ұйымдар мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 29 желтоқсан N 1923

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне ведомстволық бағынысты жекелеген ұйымдарды оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындар қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Орталық ветеринариялық зертхана" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - Кәсіпорын) біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәнісі:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге енгізілген аса қауіпті жұқпалы мал ауруларын айқындау;

2) заң кесімдерінде көзделген жағдайларда, базарлардағы мал шаруашылығы өнімдерінің және мал өнімдері шикізатының ветеринариялық-санитариялық сараптамасын жүргізу; U952376_

3) ветеринариялық дәрі-дәрмектердің тіркеу сынақтарын өткізу;

4) ветеринариялық дәрі-дәрмектер серияларының (топтамаларының) ветеринариялық нормативтер талаптарына сәйкестігін анықтау;

5) жаңа немесе жетілдірілген ветеринариялық дәрі-дәрмектердің, жемдердің, жемдік қоспалардың сапасын анықтауды жүргізу болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің қызметін жүзеге асырушы орган болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорын Жарғысын бекітсін және оның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Орталық ветеринариялық зертхана" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылған республикалық мемлекеттік кәсіпорындар тізбесі

1. "Ақмола ветеринариялық зертханасы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны Астана қаласы
2. "Ақмола облыстық ветеринариялық зертханасы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны Көкшетау қаласы
3. "Ақтөбе облыстық ветеринариялық зертханасы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны Ақтөбе қаласы
4. "Алматы облыстық ветеринариялық зертханасы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны Алматы қаласы
5. "Арқалық қалалық ветеринариялық зертханасы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны Арқалық қаласы
6. "Атырау облыстық ветеринариялық зертханасы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны Атырау қаласы
7. "Батыс Қазақстан облыстық ветеринариялық зертханасы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны Орал қаласы
8. "Жамбыл облыстық ветеринариялық зертханасы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны Тараз қаласы
9. "Жезқазған қалалық ветеринариялық зертханасы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны Жезқазған қаласы
10. "Қалалық ветеринариялық зертханасы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны Алматы қаласы

11. "Қалалық ветеринариялық зертханасы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны Астана қаласы
12. "Қарағанды облыстық ветеринариялық
зертханасы" республикалық мемлекеттік
кәсіпорны Қарағанды қаласы
13. "Қостанай облыстық ветеринариялық
зертханасы" республикалық мемлекеттік
кәсіпорны Қостанай қаласы
14. "Қызылорда облыстық ветеринариялық
зертханасы" республикалық мемлекеттік
кәсіпорны Қызылорда қаласы
15. "Маңғыстау облыстық ветеринариялық
зертханасы" республикалық мемлекеттік
кәсіпорны Ақтау қаласы
16. "Оңтүстік Қазақстан облыстық
ветеринариялық зертханасы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны Шымкент қаласы
17. "Павлодар облыстық ветеринариялық
зертханасы" республикалық мемлекеттік
кәсіпорны Павлодар қаласы
18. "Семей қалалық ветеринариялық
зертханасы" республикалық мемлекеттік
кәсіпорны Семей қаласы
19. "Солтүстік Қазақстан облыстық
ветеринариялық зертханасы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны Петропавл қаласы
20. "Шығыс Қазақстан облыстық
ветеринариялық зертханасы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны Өскемен қаласы